

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

---

**№ 1 (2025)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/HJNO9081>**\*С. Т. Елікпаев<sup>1</sup>, Б. Қ. Қапасова<sup>2</sup>**<sup>1,2</sup>Торайгыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

<sup>1</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9091-6391><sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5131-1103>\*e-mail: [serik.elikbay@mail.ru](mailto:serik.elikbay@mail.ru)

## **МӘШҲҮР-ЖҮСІП ЕҢБЕГІНДЕГІ ТЕЗАУРСТІК ТАНЫМ: ҰЛТ ПЕН БИЛІК**

*Әрбір ұлт өзі бөлек топпен өмір сүрері анық. Ұлт айнасы әр кезде әдебиет болмақ. Қазақ халқының басынан өткен әр қилы тарихы осы әдеби мұрадан көрінеді. Қазақ тарихын, ұлт болмысын зерттеуде біз әсіресе Мәшһүр-Жүсіп жинаған ұлы мұраға жүгінеміз. Бұған дейінгі қасаң жүйе енді керегімізді толтыра алмайды. Өкінішке орай әр ұлттық танымын зерттеу, тарихын қарастыру саяси жағдайларға байланысты реңк алуда. Егер әлем ағылшын, орыс, қытай кейіпкерлерін танытын болса күрд, сары ұйғыр, ногай, башқұрт, саха кейіпкерлерін білмейді. Бұған қоса аталған ұлттардың тарихын, танымын білмейтіні анық. Ұлт өмірінің барын білу үшін біз әдеби мұраларға сүйенеріміз күмәнсіз. Осы бағытта ұлт мұраларын жеткізген М. Ж. Көпеев еңбегіне мол мән береміз. Қазақ танымын, салт-дәстүрін зерттерде Мәшһүр Жүсіп еңбегі басты назарымызда болары хақ. Бұрынғы, кейінгі қазақ тұрмысы аталған ақын жинақтарында кеңінен берілген. Бұған дейін Мәшһүр Жүсіп еңбегі таныстыру, талдау үлгісінде болса енді осы жәдігерлер арқылы қазақ халқының билік жүйесін, өмір сүру ареалын зерттер шақ келді. Мәшһүр Жүсіп еңбегін тезаурустік таныммен қарау біз үшін жаңа жол, соны соқпақ болары анық. Кіріспеде сол кездегі ел жайы туралы айтсақ, қортынды бөлімде неге бұл зерттеу үлгісін таңдағанымызды түсіндірдік. Бұған дейін әдебиет мұраларымызды тек әдеби реңктер көрінісі деп келсек, енді Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақ халқының өмір сүру өрнегін, билік пен ұлт бейнесін көрсетер мұрамыз екенін айтар кез туды деп білеміз.*

*Кілтті сөздер: тезаурус, Мәшһүр-Жүсіп, ұлт, ұлттық таным, мемлекет.*

## **Кіріспе**

Демек біз ұлттық танымды зарттейтін кезде мынандай үш бағытта белгілей аламыз.

1 Жойылған немесе жайылу алдында тұрған ұлттарды зерттеу.

2 Белгілі бір империялық бағыттағы өмір сүретін мемлекеттегі титулды ұлттардың ығындағы аз ұлттарды зерттеу . Мысалы: Қытайдағы ұйғырлар, Ресейдегі тохалар т.б.

3 Тәуелсіздік алған ұлттар танымын зерттеу.

Өкінішке орай тәуелсіздік алса да, генефон болса да өзінің ұлттық танымына орала алмай жатқан ұлттардың бар екені анық. Мысалы, өз ұлттық кодынан айырылған бразилиялықтар, египеттіктер сөзімізге дәлел.

Ұлттық таным жаттың аса күшті, екпінді үгіт кезінде әлсіреп барып жойылып кету қауіпіне әкеледі. Бұған бірінші себеп миграция, яғни көшу мен ығысу болады. Егер Шыңғыс хан кезеңінде Далалықтар әлемге жорық жасағанда өздері ғана емес іргелес мемлекеттерге тиктоникалық қозғалыс әкелді. Ал Ресейлік империя қол астындағы крепостнойларды «қара шекпенділерді» қазақ даласын жаулауға жіберді.

Дәл осындай «танымдық шабуылға» төтеп бере алмаған қазақ танымының негізгі ұстыны әдебиет болды.

Қазақ ұлты танымы мен рухы тек әдебиетке келіп пана тапты. Бұл жағдай чехтардың да басында болды. Божена Немцова ертегілері арқылы бүтін ұлт жат жаулауынан аман қалды.

Тарас Шевченко шығармалары да осы қатарда. Тіпті алғашқы христиан діни кітабы қарсылықты көзқарастың туындысы болатын.

Қазақ тілі 19-ғасырда «Мәскеу ұлысының» қыспағымен аясы тарыла бастады. Себебі қазақ танымы биліктен, ғылымнан, білімнен ысырылып тастаған. Дәл осындай олар ашақта Дулат, Махамбет, Ыбырай, Шортанбай, Майлықожа тектес ұлт танымын тілге салған тұлғалар бой көрсетті.

Бұлардың ішінде терең канондық екі қаламгер мойны озып бой көрсетті. Бірі Абай болса, бірі Мәшһүр Жүсіп еді

Айналыстым жынменен он бесімде  
Кетпестей боп орнады он бесімде.  
әуреленіп шарқ ұрдым, жетілдім деп.  
Арты қандай болары жоқ есімде [1, 113-б.].

Егер Абай көп жағдайда ішіне үңіліп, адамгершілік пен индивидтікті ту етсе, Мәшһүр ұлт пен ұлыс, дін және таным мәселелерін алдыға қойды [2, 246-б.].

Бір заманда өмір сүрген екі ақын, екі ойшыл түрлі бағытта бір мүддеге қызмет етті. Ұлттық танымды дәл сол кезде, бүгін де ұстап қалған фольклор мен мифология болды. Мәшһүр Жүсіп саналы түрде ауыз әдебиетін жинап кейінге кетті.

Осы арқылы жатжұрттық экспансиясы өз қарсылығын білдірді. Бұл қазақ таным үшін күрес еді. Махамбеттегі өршіл, рух «ерлердің ісі» жеңіліс тапқанды, бұның аяғы басқаша өріс тапты.

Ел ішіндегі бұлқынған күш енді жаңа түрдегі бағытпен ары жылжыды. «Әрі ақын, әрі ақылгөй жан ұлы Абайға ілсе шықты да осы данышпан ұстаздың жолын ағартушылық жолын берік ұстанды, ақындық мұратын да өзіне мұрат тұтты» [3, 3-б.].

Біздің міндетіміздегі негізгі зерттеу бағытымыз Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тезаурстық таным.

Алғашқы тезаурстық ұғым батыс әдебиетінде пайда болды. Тезаурус туралы Филон Библиский өзінің «Синонимдер сөздігінде» айтса, ағылшын әдебиетінде Питер Марк Роже 1805 жылы тезаурусты жарыққа шығарды [4, 192-б.].

Тезаурус грек тілінен аударғанда «қазына» ұғымын білдіреді. Яғни белгілі бір халықтың жасыра, бөтенге бөктірмес шын асылы осы [5, 231-б.].

Әдебиет Еуропа үшін кейде экзотика, өнер үлгісі секілді көрінгенмен бүгінгі күні ол тіл тасушы, ой ағынының құралы болып қалды.

Әрине Англияның Шекспир кезеңінде әдебиет қоғамның дертті жерін көрсетер, халық пен корольдер арасындағы көпірдей көрінсе де, кейін бәрі солғын тартты.

### **Материалдар мен әдістері**

Зерттеу материалдары үшін тезаурус жайлы зерттеген ғалымдар мен Мәшһүр-Жүсіп еңбегін басшылыққа алдық. Бұған осы уақытқа дейінгі кешең қарастырылған ұлт пен билік секілді тақырыптарды басты назарда ұстадық. Өкінішке орай тезаурус секілді ірі сала бұған дейін көп мән берусіз келген. Зерттеу барысында салыстыру, герменевтика-тәпсірлеу, жинақтау, структуралық зерттеу әдісін басшылыққа алдық.

### **Нәтижелер және талқылау**

Орыстың әдебиетінің басындағы түркілік «Игорь полкі» туралы жыр негізінен баяндамалық, суреттемелік қалпынан аспады. Олардың кейінгі әдебиеттеріндегі романдық-еуропалық стиль өз халқы үшін мүлдем түсініксіз өнер түрі, ары кетсе салондық биіктен шықпады. Егер француз әдебиетін Ришелье өзі бақылауына алса, орыс әдебиетін әр патша сый сияпат беріп байлап тастады.

Бұл кеңестік дәуірде жалғасын тапты. Қазақ әдебиеті бағыты мен сорына қарай өзімен-өзі қалды. Даладағы әр жыршы ел ұнатқан сөзді айтуға тиісті болды. Басқашаны ел қабылдамады.

Сондықтан әр қазақ ақыны халық қалауынан ұзап шыға алмады.

Қазақ әдебиетін зерттеуші әр ғалым кеңестік дәуірге дейінгі әр ақынды қазақ парасат цензурасынан өткен ақындар деп қабылдауға тиіспіз.

Осылар ішінде ерекше ықылас, тіпті мистикалық дәрежеге жеткен сөз иесі Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Бұған дейін тезаурусты көп ғалымдар тар аяда зерттеп келсе ендігі шақта басқаша, өрісті беткейге шығып келеді [6, 304-б.].

Тезаурус сөз арқылы білініп барып, ойға ұласары белгілі. Ой түбі кей шақтарда әрекетке де әкеледі. Міржақып Дулатов «оян, қазақ» десе де сол шақта бұл негізгі көпшілікке тікелей әсер ете алмады. Себебі М.Дулатов 1916 жылғы көтеріліс кезінде мүлдем басқа бағытты тұтынды.

Бұның аяғы алаш қозғалысының қолдау таппауына әкелді. Себебі қазақ халқы «мәтін» мен «авторды» бөлген жоқ болатын. Осы жағынан алып қарасақ Махамбет өз «мәтінінің» құрбаны болды. Дала ұлттық танымы мәтін мен мәтін иесінің арасын бөліп қарастырған жоқ. Өкінішке орай кейінгі шақтардағы мәтін мен автор алшақтығы дала перзенттерін кейінгі әдебиеттен суытты [7].

Кеңестік кезеңде автор бейнесі мүлдем құбыжықталып, ел қашар түрге түсті. Есениннен басталған бұл үрдіс кейінгі ақын жазушылардың жеңілтек образдары жасалды да сөздері жеңілдетілді.

Қазақ поэзиясы саясат тақырыбынан мүлдем тыс қалды. Бұған қоса қазақ сөз өнері мүлдем ел тынысынан алыстады. Қазақ сөзін тамашалағыш, экзотикалық дәрежеден асырмау ресей патшалығының негізгі міндеті болды. Сондықтан алаш сөзі ішінде қалыптасқан қазақ философиясы өзі өмір сүрген 19-ғасырда мемлекет және билік қажетіне жарамай қалды.

Әрине, адамзат қауымдастығы-бұл өз мақсаттары мен мүдделерін жүзеге асыру үшін кездейсоқ біріккен адамдардың белгілі бір арифметикалық жиынтығы ғана емес, сонымен қатар олардың күнделікті өмірінде күрделілік пен жан-жақтылықпен сипатталатын оларды ұйымдастырудың немесе ұйымдастырудың ерекше формасы. Бұған дейін алып мемлекет болған, кейіндері бодандық дәрежеге түскен қазақ жұрты осы уақытта рухани жұтты басынан кешіруде еді.

Қазақ елі бұған дейін қалыптасқан жүйе болатын. Өміршең әлеуметтік организмде бірлестік тек сырттан ғана емес, іштен де өтеді. Басқаша айтқанда, адамзат қауымдастығын, оның ішінде мемлекетті ұйымдастырудың мақсаты адами қатынастардың табиғатынан ішкі жағынан берілген. Сондықтан олардың ұйымы қалыптасу мен дамудың ішкі заңдарына сәйкес

жүреді. Жүйелік және ұйымдастырушылық саяси әлемнің сипаттамалары саяси ұғыммен қамтылғанның бәрін қамтып алатынына күмән жоқ. Оның негізгі компоненттер орталыққа қарай тартылып, жүйеге айналады. Бұл факт саяси қатынастар әлемінің әртүрлі компоненттері арасында азды-көпті тығыз қарым-қатынастардың болуына байланысты анықталады. Шетелдік және отандық әдебиеттерде саяси жүйенің мазмұны мен мәніне қатысты пікірталастар әлі де жалғасуда. Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында ел жасау процесі мынандай негізгі арналарға сүйенеді. 1. Хандар. 2. Батырлар, 3. Билер, 4. Батырлар, 5. Байлар.

Кез-келген жүйе немесе ұйым, ең алдымен, құрылымдарды, институционалдық инфрақұрылымды қамтиды, олардың негізінде әртүрлі компоненттердің өзара әрекеттесуі мен қатынастары арқылы пайда болуы мүмкін. Осының ішінде аталған елдің негізгі тіректерін қосатын ақындар болмақ. Қазақ қоғамындағы саяси құрылым, қоғамның саяси ұйымын сөз, жыр, әфсана секілді институционалдық инфрақұрылымсыз елестету мүмкін емес. Ал қазақ қоғамындағы негізгі ақпараттық, сөздік шығармашылықсыз әр түрлі саяси жүйелер бір-бірінен, ең алдымен, белгілі бір институттардың қазақ ішінде дәріптелуі, таралып айтылар сипатымен ерекшеленеді.

Сөз және сөз ұстаған жандар қазақ үшін ежелден дала ордасының конфигурациясы, құрылымдық қатынастары, атқарар функциялары, саяси жүйе-бұл қоғамның саяси ұйымын құрайтын институттар мен ұйымдардың жиынтығы. Бұл ирархия ішінде билер ең алдымен, елдің саяси өмірін басқару, басқару және үйлестіру институттары мен органдары бола білді. Бұл деңгейде «саяси жүйе» ұғымын бөліп көрсету, ең алдымен, оның «мемлекет» ұғымымен байланысты «Дала заңы» және ұлттық сот мағыналарының негізгі күші «шежіре» екендігін білуімізге байланысты. Қазақ ұғымындағы «жақсы» мен «жаман» категориясы шежіреге қарап отырылып «текті» иә «тексіз» деп бөлінеді. Себебі біз «осылардың ішінде қазақтың шежірелік мұрасы өзінің тарихи деректерге қанықтығы мен шыншылдығы жөнінде жөнінен айрықша құнды» [8, 12-б.]. Сондықтан да біз Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы «шежіреге» қазақи көзбен немесе ыждаһаттылықпен қарауға тиіспіз. Бұл өз кезеңінде билік баспалдағына барар әр жанға ел ішінде немесе шежіреде електен өткізіліп екшеленеді, немесе олар «ұлт үшін ия хандық үшін ерекше еңбек етуге» тиісті болды [9, 178-б.].

Мәшһүр-Жүсіп «шежіресінің» және «билер сөзінің», «тарихи оқиғалары» секілді жеткен мұрасы тұжырымдамалық мәні кеңірек және әрдайым мемлекеттің өзімен бірдей болуға тиісті және болмауға тиісті құбылыстар мен процестерді қосуға мүмкіндік береді. Бірақ соған қарамастан, мемлекетсіз саяси жүйе жоқ, және, әрине, ол саяси идеяның шоғырланған көрінісі бола отырып, саяси жүйенің орталық, осытік элементі ретінде әрекет

етеді, оның айналасында қалғандары топтастырылған институттар хандар мен билер, батырлар екеніне көз жеткіземіз. Өткен ғасырлардағы, ұмыт шақтардағы мемлекет пен таза халықтық-танымдық институттардан басқа, ондағы мақсаттық, рулық саяси партиялар, түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар, саяси іс-қимыл комитеттері, шешім қабылдаудың әртүрлі институттары мен тетіктері және т. б. мемлекет пен билік негізгі элементтер болып табылады- осы арқыл орданың саяси әлемнің барлық басқа компоненттері біріктіріледі. Ордадағы мемлекеттің маңызды сипаттамаларын анықтау және билік айтарлықтай қиындықтарға тап болғандықтан бұның аяғы бодандыққа әкелді. М. Вебер атап өткендей, мемлекеттің ғылыми тұжырымдамасы, ол қалай тұжырымдалса да, бұл белгілі бір таным мақсаттары үшін жасалған синтез. Ал Мәшһүр-Жүсіп еңбектеріндегі мемлекеттің негізгі осы тұлғалар. Бірақ бұл тұлғалар қанша жерден ер мінез болса да қоғамдық танымдардан аттап өте алмайды. Көшпелі мемлекет сөз тұжырымы арқылы саяси әлемді ұйымдастырады және рәсімдейді қазақ танымында. Хандар бұл институттандырылған нысанда берілген саяси биліктің тасымалдаушысы және осы қызметте билік қатынастарын жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Мемлекет қоғамдағы басқару мен тәртіптің негізгі құрылымын біріктіреді. Бұл жеке мүдделер мен рулық бұра тартуды ұжымдық түрде шектеуге және осылайша озбыр күш, хаос пен тәртіпсіздіктерді теріс пайдалану алдында бақыланатын және реттелген еркіндікті қамтамасыз етуге арналған институт болуға тиісті. Ол механизмдер құрылымдар, мекемелер, билер институты, билік және билік қатынастары, құқықтар сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Мемлекеттік идея-бұл формальды, догматизацияланған саяси-құқықтық нормалар, ережелер, көзқарастар кешені. Мемлекетті саяси жүйенің нормативтік орталығы, оның шегі мен негіздемесі ретінде сипаттаған ортақ ұғым келісім болады. Бұл тәсілмен хандық саясатты анықтауға болады. Ал ақындар ұлттық ортақ игілікті мемлекеттік жүзеге асыруда негізгі күш болады. Қазақ тарихында ақын жыраулар мемлекеттік қоғамды құрайтын адамдардың саяси өзара әрекеттесуінің институционалдық аспектісі ретінде қарастыруымыз керек.

Сонымен қатар, көшпелі мемлекеттегі ең жоғары ұйымдастырылған форма болып табылады да саяси қоғамдастықтар би-шешендер жанына ұйысады. Ол тұтастықты қамтамасыз етуге арналған әр түрлі институттар мен мақұлдар мен қарсылар бірлігі басқару функциялары билер институтына беріледі. Ал хан мемлекеттік бүкіл қоғамды біріктіреді, келісімдік немесе келіспес шешім қабылданып соңғы сөз оның атынан қабылданып вердикт шығарылады. Қоғамның барлық азаматтарына қатысты және олардың барлығының орындауы үшін міндетті билік шешімдері ең бірінші билер көңілінен шығуға тиісті болды. Ал билер мен рубасылар үшін ең жоғарғы



ақы жер иеліктері болды. Рубасылар үшін негізгі дау жерге қатысты еді [10, 371-б.]. Қазақ мемлекеті өз кезеңі үшін ең жоғарғы дәрежедегі демократия шыңы болатын. Әрбір ру өз жерін өзі қорғады. Сондықтан мемлекет ішінде-рулар шенбері және мемлекеттер арасында үлкен саяси процестердің бір бөлігі түрлі салмақта сараланды. Мемлекет-саяси өзін-өзі құрудың негізгі формасы-қатаң шектелген географиялық аумақтағы қоғамның-саяси үстемдіктің белгілі бір түріне бағынатыны рия. Ал қазақ мемлекеті туралы сұрақ-бұл басынан бастап және алдымен қойылар меже бір мүддеге біріккен жандар мекендер аумақ. Ал егер ол жер біреуден тартып алынбай, қорғалып қалатын болса, бұл жердің тиеселі иесі сол автохонды ұлт болмақ. Бұған қоса сол топталған жұрттың ортақ мүддесі, ортақ діні, ортақ діні, ортақ билігі, ортақ жері болуы шарт. Сонымен қатар, бұл аумақта басқа егеменді мемлекеттің билігінен басқа билік, юрисдикциясы- осы ұлысқа ғана таралады. Қазақ хан-сұлтандары көрші қырғыздарға барғанда бұлардың «заңдылығы» жойылды. Атап өткендей француз заңгері Л. Дюги, «мемлекеттің табиғаты мүмкін және тек ұжымдық деп танылуы керек, яғни саяси билік және белгілі бір аумақта өмір сүру» (11, 129-б.).

Сондықтан саяси билік ұғымының бәрі тіпті Еуропада да қарапайым халықтың разылығын туғызардай емес болатын- белгілі бір кезеңде биліктің қателік жіберілуі анықталған жерде- қазақ ақын, жыраулары сахнаға шығады. Егер, Еуропада мысалы-«дін заңды биліктің басқа түрі, яғни қарапайым халықтың ұғымында биліктің заңдылығын түсіндірсе «қазақ шежіресі» осы бағытты ұстанды. Даладағы әр шежіреші ұлттық танымның соңғы шырақшылары болды. Қазақ мемлекеті бодандыққа өткен кезде «орыстық молдалар» немесе, приказной молдалар жаулап алушылардың саясатын жүргізге басталды. Бұл оқыған жандар ішінде енді дін тазалығы үшін күрес басталды. Католиктік және православиелік шіркеулер секілді ырықты дін иелері әспеттеліп, далада мешіттер салына басталды. Бұны Құнанбай, Мұса сияқты белгілілер ұйымдасқан ұжымдылықпен қолдады. Патшалы Ресей өзіне қарсыларды қудалап, соттап, өлтіріп жойып отырса, өздерін қолдағандарды марапаттап жаулап алудың гибридік жүйесін жолға қойды. Өзін қолдағандар үшін Ресей мемлекеті марапат, шен, биліктен басқа жер үлестіріп берді. Мемлекет және билік философиясы принципі бойынша, бодан жұрттың басқа мемлекеттен айырмашылығы, белгілі-аумағы. Айта кету керек, мемлекет өздігінен құрылмас жүйе түрі бола отырып-өз кезегінде адамзат қауымдастығының дамуы фактіге айналды-әркімнің болмаса да, жиынның қалыптасуы мен институционализациясы әлеуметтік құбылыстар деп ұғынуымыз керек. Т. Гоббс бұл туралы дұрыс айтады- мемлекет құру жағдайында -жер меншігі үшін күрес-бұл мемлекеттің әрекеті», өйткені жок жерде мемлекеттер, ана жерде... әр адамның өздеріне қарсы үздіксіз соғысы-

оның көршісінің, сондықтан әркімнің өз қолына алғаны ғана- қарумен және күшпен ұстайды, бұл мемлекеттік мүлік» [12, 192-б.].

Осы күнге дейін ғылыми әдебиеттерде бұл туралы пікірталастар әр қиырлы. Соның бастылары: ұлттық мемлекет, ұлтшылдық немесе ұлты сақталған өзгеге бағынышты «мемлекет». Мысалы, ғалымдар осы уақытқа дейін олар бұл туралы ортақ пікірге келісе алмады.

Әр түрлі тұлғалар не есімдер- әсіресе Италияны біріктіру процесінде басым болды:бұндай мемлекет-Кавурдың басшылығымен құрылған жаңа ұлт, оның процесін Дж. Маззини және Гари-Балли жалғастырды. Германияға келетін болсақ, бұл жерде жанұялық топтардың оның бірігуінен көп бұрын ұлттық қозғалыс қауырт қарқын алған болатын. Бірақ біз елемеуге болмас негізгі фактор-неміс ұлтының және біріккен Германияның нәтижесі-темір мінезді канцлер бастаған Пруссия мемлекетінің мемлекет қайраткері Отто Бисмарк болатын.

Осындай мемлекетшіл тұлға қажеттігін айтады өз жинағында Мәшһүр-Жүсіп.

### **Қорытынды**

Қазақ тарихы, салт-дәстүрі, өткені, кеткен күндері жайлы ірі мол мұра тек Мәшһүр-Жүсіп еңбегінде сақталған.Әрине басқа еңбектер болса да олардың басқа ұлт көзімен жазылғанын ұмытпауымыз керек. Шынайы көзбен объекті көзқарастағы бар мұра бүгінгі күні Мәшһүр-Жүсіп еңбегінде ғана.

Тезаурус табиғаты арқылы Мәшһүр Жүсіп еңбегін жаңа қырдан тану дұрыс жолымыз [13].

Егемендік алған кезімізде Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жинағындағы ұлт қазынасына қайта қарау біздің басты міндетіміз болмақ.

### **Пайдаланылған деректер тізімі**

1 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 10-томдық шығармалар жинағы, Павлодар «ЭКО», ҒӨФ 2023. – Т. 1. – 224. б.

2 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. 20-томдық шығармалар жинағы, Павлодар,ЭКО, 2013. – Т. 4. – 546. б.

3 **Көпеев, М. Ж.** Екі томдық, 2-том, – Алматы, Ғылым, 1992, 224 б.

4 Тезаурус. 35-томная большая российская энциклопедия. Том 31. М., 2016. – С. 752.

5 **Захаров, Н. В., Луков, А. В.** Школа тезаурусного анализа. Знание. Понимание. Умение. – 2006 – № 1 – С. 456.

6 **Луков, В. А.** Тезаурусы : Тезаурусный подход к пониманию человека и его мира- М. : Изд-во Нац. Ин-та бизнеса, 2008. – 784 С.

- 7 **Елікбай, С.** «Қазақ әдебиеті» газеті.Бодандық әдебиеті ұлттың рухани дамуына ықпал ете ала ма? 24.07.2023
- 8 **Сейдімбек, А.** Қазақтың ауызша тарихы- Астана : Фолиант, 2017. – 728 б.
- 9 **Гумилев, Л. Н.** Қиял патшалығын іздеу. – Алматы : Балауса, 1991. – 442 б.
- 10 Абай Энциклопедия.Алматы : «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 750 б.
- 11 **Дюги, Л.** Конституционный право. М., 1908. – С. 320
- 12 **Гоббс, Т.** Сочинение, М., 1989–1991. – Т. 1–2.
- 13 Przepisy edytuj Bożenna Bojar (red.) : Słownik encyklopedyczny informacji, języków i systemów informacyjno-wyszukiwawczych. Warszawa: Stowarzyszenie Bibliotekarzy Polskich, 2002, s. 278, seria: Nauka, Dydaktyka, Praktyka. ISBN 83-87629-84-7.

## References

- 1 **Köpeiuly, M. J.** Şyğarmalary. 10-tomdyq şyğarmalar jinağy, [Collection of works in 10 volumes]. – Pavlodar «ЕКО», NF 2023. – Vol. 1. – 224 p.
- 2 **Köpeiuly, M. J.** Şyğarmalary. 20-tomdyq şyğarmalar jinağy, 20-volume şyğarmas of zhinagi. – Pavlodar, ЕКО, 2013. – Т. 4. – 546 p.
- 3 **Köpeeв, M. J.** Eki tomdyq, 2-tom, [In two volumes, volume 2,] – Almaty, Ğylym, 1992. – 224 p.
- 4 Tezaurus. 35-tomnaia bölşaia rosiskaia ensiklopedia. [The 35-volume great Russian encyclopedia.] Vol. 31. – M., 2016. – P. 752.
- 5 **Zaharov, N. V., Lukov, A. V.** Şkola tezaurusnogo analiza. Znanie. Ponimanie.Umenie.[The school of thesaurus analysis. Knowledge.Understanding.] – 2006. – № 1. – P. 456
- 6 **Lukov, V. A.** Tezaurusy : Tezaurusnyi podhod k ponimaniu cheloveka i ego mira, [A thesaurus approach to understanding man and his world-, M. : İzd-vo], Nas. İn-ta biznesa, 2008. – 784 p.
- 7 **Elıkbai, S.** «Qazaq ädebieti» gazetı.Bodandyq ädebieti ülttıñ ruhani damuyna yqpal ete ala ma? [Newspaper «Kazakh literature».Can Bodhisattva literature contribute to the spiritual development of the nation?] 24.07.2023.
- 8 **Seidimbek, A.** Qazaqtıñ auyzşa tarihy- Astana: Foliant, [Oral history of Kazakhs – Astana : Folio] 2017. – 728 p.
- 9 **Gumilev, L. N.** Qial patşalyğynızdeu. [Search for the realm of fantasy]. – Almaty : Balausa,1991. – 442 p.

10 Abai Ensiklopedia. «Qazaq ensiklopediasynyñ» Bas redaksiyası, «Atamūra» baspasy, General editorial office of «Kazakh encyclopedia», Almaty: Atamura, 1995. – 750 p.

11 **Dügi, L.** Konstitutionnyi pravo. [Constitutional law]. M., 1908. – P. 320.

12 **Gobbs, T.** [Sochinenie, Essay]. – M., 1989–1991. – Vol. 1–2.

13 Przypisy edytuj Bożenna Bojar (red.): Słownik encyklopedycznyinformacji, języków i systemów informacyjno-wyszukiwawczych.

30.10.24 ж. баспаға түсті.

13.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*С. Т. Еликпаев<sup>1</sup>, Б. К. Капасова<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Торайғыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар.

Поступило в редакцию 30.10.24.

Поступило с исправлениями 13.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

## ТЕЗАУРУСНОЕ ПОЗНАНИЕ В ТРУДЕ МАШХУР-ЖУСУПА: НАЦИЯ И ВЛАСТЬ

*Очевидно, что каждая нация живет отдельной группой. Зеркалом нации всегда будет литература. В этом литературном наследии отражена вся история казахского народа. В изучении казахской истории, национальной идентичности мы особенно обращаемся к великому наследию, накопленному Маихур-Жусупом. Предыдущая система больше не может заполнять то, что нам нужно. К сожалению, изучение каждого национального познания, рассмотрение истории приобретает оттенок политических обстоятельств. Если мир узнает английских, русских, китайских иероглифов, он не узнает курдских, уйгурских, ногайских, башкирских, сахаских персонажей. Кроме того, он не знает истории, познания этих народов.*

*Несомненно, мы полагаемся на литературное наследие, чтобы узнать о существовании жизни нации. В этом направлении большое значение придаем труду М. Ж. Копеева, передавшего наследие нации, казахское познание, обычаи и традиции.*

*Ключевые слова: тезаурус, Маихур-Жусуп, нация, национальное познание, государтсво.*

\*S. T. Elikpayev<sup>1</sup>, B. K. Kapasova<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Received 30.10.24.

Received in revised form 13.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

## **THESAURUS KNOWLEDGE IN THE WORK OF MASHHUR-ZHUSUP: NATION AND POWER**

*It is clear that each nation lives in a separate group. The mirror of the nation will always be literature. The history of the Kazakh people is reflected in this literary heritage. In the study of Kazakh history and the nature of the nation, we especially turn to the great heritage collected by Mashhur-Zhusup. The previous cunning system can no longer fill what we need. Unfortunately, the study of each national knowledge, the consideration of its history takes on a tone depending on the political situation. If the world recognizes English, Russian, Chinese characters, it does not know Kurdish, yellow Uyghur, Nogai, Bashkir, Sakha characters. In addition, they do not know the history and knowledge of these nations.*

*There is no doubt that we rely on literary heritage to know the existence of the nation. In this direction, we attach great importance to the work of M. Zh. Kopeev, who conveyed the heritage of the nation. Kazakh culture, traditions and Customs*

*Keywords: thesaurus, Mashhur-Zhusup, nation, national knowledge, state.*

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,76 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.  
Электронное издание  
4,76 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz